

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы N 345 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 4053. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.03.29 № 182 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Жазаны орындауда заңдылықты сақтау кепілдігін күшейту, сотталғандардың құқықтық және әлеуметтік қорғанысын арттыру, шектеулер мен тыйым салулардың санын азайту мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа алып , **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 148 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде N 1720 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 7-8, 542-құжат, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 167, 2004 жылғы 27 мамырдағы N 154, 2004 жылғы 8 шілдедегі N 173, 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 және 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерінде (бұдан әрі - Ережелер):

10 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "10 бабы" деген сөздер алынып тасталсын;

14) тармақтың соңғы сөйлеміндегі "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісіне ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) жеке басының қауіпсіздігіне.";

1 2 - т а р м а қ т а :

11) тармақшадағы "бөлме өсімдіктерін өсіруіне" деген сөздер алынып тасталсын;

12-1-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3 4 - т а р м а қ т а :

"30" деген сан "25" деген санмен ауыстырылсын;

"ТМ бастығы нұсқауы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

Ережелерге N 3 қосымшаның бірінші бөлігінде "-6" деген сан "-7" деген санмен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 154 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде N 1723 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 ж ы л , N 9-10, 544-құжат, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 155, 2004 жылғы 24 тамыздағы N 240 және 2005 жылғы 12 мамырдағы N 128 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық):

50-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұнда жазылсын:

"ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ертіп жүру бір сотталғанға кезекші нарядтың екі адамы есебінен жүзеге асырылады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды ертіп жүру кезінде олардың артқа қайырылған қолдарына кісен салынады. ӨБА-ға және ӨЖ-ға сотталғандарды түзеу мекемесінің аумағында ертіп жүру шынтақты ұстап, тік қалпында және тек кинолог-маманның қатысуымен, қызметтік иттерді қолдану арқылы ғана жүзеге асырылады.";

5 0 - 2 - т а р м а қ т а :

абзацтарды сызықшамен белгілеу алынып тасталсын;
бесінші абзацта ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісіне ауыстырылсын;
алтыншы абзац алынып тасталсын;

5 1 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай мағынадағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:
"ӨББА және ӨЖ сотталғандар қабырғаға беттерімен қаратылып, аяқтары

иықтарының кеңдігіндей, қолдарын қабырғаға тіреп, қолдарының саусақтары ашылған күйінде сапқа тұрғызылады. Камера бойынша кезекші қолдарын жоғары көтеріп әкімшілік өкіліне бетімен бұрылады және белгіленген нысан бойынша баяндама жасайды (41-қосымша).";

төртінші бөлік алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 170-2-тармақпен толықтырылсын:

"170-2. Сотталған жүкті және жас балалары бар сотталған әйелдер мен кәмелетке толмаған сотталғандардың, жалпы режимдегі колонияларда жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұбайларымен және жақын туыстарымен, қысқа мерзімдік кездесулері ТМ әкімшілігінің рұқсатымен, осы Нұсқаулықтың 170-тармағының талаптарын ескермей өткізіледі.";

41-қосымшада ", кезекшілік уақыт ішінде төтенше оқиғаларға жол берілген жоқ (егер жол берілсе, олар қандай) сұрақтар, шағымдар, өтініштер жоқ (егер болса, олар қандай)" деген сөздер алынып тасталсын.

3. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Төрағасына жүктелсін.

4. Осы Бұйрық ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткеннен соң қолданысқа енеді.

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Б а с п р о к у р о р ы

2005 жылғы